

"Салықты мемлекеттік және (немесе) үкіметтік тұрғын үй құрылышы бағдарламаларын іске асыру шенберінде осы бағдарламаға қатысушы болып табылатын жеке тұлғаға тұрғынжайды ұзақ мерзімді жалдау шарттары бойынша берілген салық салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мөлшерлемелері бойынша есептейтін занды тұлғалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 ақпандағы № 122 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 353 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 14 шілдеде № 23507 болып тіркелді

#### БҰЙЫРАМЫН:

1. "Салықты мемлекеттік және (немесе) үкіметтік тұрғын үй құрылышы бағдарламаларын іске асыру шенберінде осы бағдарламаға қатысушы болып табылатын жеке тұлғаға тұрғынжайды ұзақ мерзімді жалдау шарттары бойынша берілген салық салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мөлшерлемелері бойынша есептейтін занды тұлғалардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2018 жылғы 20 ақпандағы № 122 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16572 болып тіркелген, 2018 жылғы 19 наурызда Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Салықты мемлекеттік және (немесе) үкіметтік тұрғын үй құрылышы бағдарламаларын іске асыру шенберінде осы бағдарламаға қатысушы болып табылатын жеке тұлғаға тұрғынжайды ұзақ мерзімді жалдау шарттары бойынша берілген салық салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мөлшерлемелері бойынша есептейтін занды тұлғалардың тізбесі осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылых және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Индустрія және инфрақұрылымдық даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Индустрія және инфрақұрылымдық  
даму министрі

Б. Атамкулов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
"КЕЛІСІЛДІ"  
Қазақстан Республикасы  
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының  
Индустрія және  
инфрақұрылымдық даму  
министрінің  
2021 жылғы 8 шілдедегі  
№ 353 Бұйрыққа қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Инвестициялар және даму  
министрінің  
2018 жылғы 20 акпандагы  
№ 122 бұйрығымен бекітілді

Салықты мемлекеттік және (немесе) үкіметтік тұрғын үй құрылышы бағдарламаларын іске асыру шенберінде осы бағдарламаға қатысушы болып табылатын жеке тұлғаға тұрғынжайды ұзақ мерзімді жалдау шарттары бойынша берілген салық салу обьектілері бойынша жеке тұлғалардың мөлшерлемелері бойынша есептейтін занды тұлғалардың тізбесі

№	Занды тұлғаның атауы
1	"Қазақстан Тұрғын үй компаниясы" акционерлік қоғамы
2	"Samruk-Kazyna Construction" акционерлік қоғамы